



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**  
**ҰЛТТЫҚ БАНКІ**  
**№ 16 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І**  
**2 0 0 7 Ж Ы Л Ғ Ы 1 7 С Ә У І Р**

**Халықаралық резервтер  
және ақша базасы туралы**

**1. Халықаралық резервтер және ақша базасы.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2007 жылғы 16 сәуірде мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен <sup>1</sup>
<b>Таза халықаралық резервтер, млн.долл.</b>	<b>21 545,8</b>	<b>21 456,3</b>
оның ішінде:		
ЕАВ таза активтер <sup>2</sup>	20 079,2	20 079,2
Алтын	1 466,6	1 377,1
<b>Ақша базасы, млрд. теңге</b>	<b>1 437,1</b>	<b>1 437,1</b>
Аз ақша базасы <sup>3</sup> , млрд. теңге	1 385,4	1 385,4
ҚРҰБ-дегі ЕДБ-дің мерзімді депозиттері <sup>4</sup> , млрд. теңге	51,6	51,6
KZT/USD (кезең аяғында)	121,80	127,00
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	677,00	635,70

*1 2006 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген.*

*2 ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық*

*3 Аз ақша базасы – ҚРҰБ-нің ЕДБ мерзімді депозиттері ескерілмеген ақша базасы*

*4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер*

2007 жылғы сәуірдің бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 0,1 % (немесе 14,2 млн. долл.) төмендеді.

Екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасымен корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуі және Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету, Үкіметтің шотына валютаның түсуіне қарамастан таза валюта қорларының (СКВ) 30,4 млн. долл. төмендеуіне әкелді. Алтынмен активтер жүргізілген операциялар және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 2,03%-ға ұлғаюы нәтижесінде 16,2 млн. долларға көбейді.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 0,2 %, ЕАВ-мен таза активтер - 0,2 %, алтынмен активтер 0,9% төмендеді.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 16 072,1 млн. долл.) қоса алғанда 0,5% ұлғайды және 37 629,8 млн. долл. болды.

**2007 жылғы сәуірдің бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің төмендеуі ақша базасының 9,2 % (немесе 146,9 млрд. теңгеге) тарылуына байланысты болды.**